

Ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, профессор Бижкенова Айгүл Ермекқызының  
6D021000 – Шетел филологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
Мауе Колибаевна Адырбекованың “Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ  
газет дискурсы материалы негізінде)” атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Сәйкес келеді</p> <p>2) М.К. Адырбекованың “Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)” деп аталатын диссертациясы коммуникациядағы, оның ішінде газет дискурсындағы тіл әрекеттерінің ерекшелігін зерттеуге арналған. Сөйлеу әрекеттерін дұрыс пайдалану, оның ішінде қабылдаушының ұстанымына, көз қарасына, іс-қимылдарына әсер ететін тілдік технологияларды табу және адресатты мәжбүр етпей айтқанға көндіру жолдарын білу – бұл сұрақтар әрбір коммуникация саласында, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарындағы маңызды мақсат болып табылады. Персуазивті коммуникацияның негізінде осы айтылған принциптер байқалады. Бұл тақырып заманауи лингвистика ғылымында 20-шы ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап зерттеліп және пәнаралық ғылыми ізденістерде әлі де қалыптасу үстінде. Жұмыстың нәтижелері Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының 2.3, 2.4 және 2.5 бағдарлама міндеттерін орындауға үлес қосады (<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P19000">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P19000</a>).</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми -техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 7. «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер» және 8. «Әлеуметтік -гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» деп аталатын басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Медиа тілдің қызметі мен реципиентке ықпал ететін прагматикалық ұстанымдарын, жиі пайдаланатын профессионалдық тәсілдерін анықтау және жүйелеу өте маңызды. Бұл бағытта қазақ-ағылшын тілдері материалы негізінде жасалған зерттеулер аз. Сондықтан қарастырылып отырған диссертацияның теориялық маңыздылығы қазақ салыстырма филологиясына өзінің үлесін қосады деп сенуге болады.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Персуазивтік коммуникация деп аталған ерекше мақсатпен құрылатын коммуникативтік актілердің вербалды және менталды ерекшеліктері диссертация барысында тіл біліміндегі қалыптасқан ұстанымдар мен бірнеше автордың жұмыстарымен дәлелденген. Олардың арасында Ресей ғалымдары А.Н.Голоднов, О.С.Иссерстің, қазақ лингвистері Б.Момынова, А.К.Каирбаева, Г.К.Ихсағалиеваның және тағы басқа ғалымдардың зерттеу нәтижелері жан-жақты қаралған. Зерттеу барысында үлкен және күрделі теориялық база жинақталған, оны түсіну үшін ауқымды пресуппозициялық білім қажет. Осы жерде айтып кететін бірнеше ойлар мынандай: автор теориялық тезистерді қазақ және ағылшын тілдеріндегі газет материалдары арқылы көрсетіп отырса жұмыстың құны арта түсер еді деп ойлаймын. Сонымен қатар автор персуазивті коммуникацияны иландыру коммуникациясына теңестіруін жұмыста негіздемеген. Иландыру термині персуазивтік эффект беруден көрі тарлау мағына білдіретін сияқты.</p> <p>Жалпы алғанда, жоғарыда айтып кеткендей жұмыстың маңыздылығы персуазивті коммуникация мәселесін қазақ-ағылшын тілдері негізінде қарастыруында, осы бағытта диссертация заманауи тіл біліміне белгілі өз үлесін қосады деп санаймын.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Жұмысты ізденуші өзі жазған, цитаталар көп болғанымен, олар көбінесе дескриптивтік түрде берілген, сондықтан мәтіннің тікелей құрамы болып табылады.</p> <p>Жұмыстың көлемі 190 беттен артық болса да зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сай. Ғылыми аппараты қазіргі лингвистика ұстанымдарына сәйкес қолданылған. Диссертацияда жасалған қорытындылар тіл біліміндегі қалыптасқан ережелерге үндеседі.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Қарастырылып отырған диссертация персуазивті коммуникацияға байланысты қазақ-ағылшын медиадискурс негізінде жазылған алғашқы жұмыстардың бірі болып саналады деп айтып өттік. Осы орайда жұмыстың өзектілігі айқын.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды. Бірақта практикалық тараудың мазмұнында екі тілдегі лингвопрагматикалық ерекшеліктері жете көрсетілмеген.</p> <p>Жалпы практикалық бөліміне айтарымыз келесідей: әрбір тұжырым иллюстрация қажет етеді, кейбір стратегияларының талдау барысын мәтінсіз бірден түсіну қиын (120-124 бб.).</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Бірақта жұмыста теория негіздерін зерттеуге көбірек көңіл бөлінген (5 б.)</p>

		<p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері толық байланысқан, ішкі құрылымы логикаға сай келеді, әрбір тарау тұжырымдармен негізделген. 183 беттен бастап пайдаланылған әдебиет тізімі берілген, бірақ бұл жерде дерек көздер жеке бөлініп көрсетілмеген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Персуазивті коммуникация тақырыбы лингвистикада жан-жақты зерттелген, бұл бағытта жазылған зерттеу жұмыстары баршылық, әсіресе Ресей ғалымдарының үлесі зор. Аталмыш зерттеу тақырыбы бойынша жаңа қағида мен әдіс табу оңайға соқпайды. Автордың сіңірген еңбегі осы көп ғылыми жұмыстарды сыни тұрғыда дәйектеп, зерттеу жұмысының мақсатына сай қолдануға тырысуы. Сонымен қатар айтатын жағдай, талдау барысында кейбір дәлсіздіктер байқалады. Мысалы 115-116 беттердегі кестелердегі талдау принциптері және мазмұны анық емес, 116 беттегі кестенің аты келтірілген мәліметке сәйкес келмейді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жартылай жаңа болып табылады. Себебі автордың практикалық бөлімінде көбінесе қарастырылған стратегиялар мен тактикалары тіл біліміндегі белгілі механизмдер және олар туралы жазылған диссертациялар да бар. Лингво прагматикалық және менталдық когнитивтік жағынан персуазивтер қарастырылмаған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа деп санауға болады. Бұрын ағылшын және қазақ медиа дискурсында салыстырмалы түрде персуазивті коммуникация қарастырылмаған. Сондықтан жұмыста ұсынылған әр бір тұжырым жаңа болып есептеледі. Сонымен қатар жұмыста диссертант өзінің жаңа үш стратегиясын ұсынып оларды дәлелдеуге тырысқан.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның талдау технологиялары және солармен байланысты шешімдері жартылай жаңа болып табылады, себебі тақырыптың эмпирикалық зерттелуінің тәсілдері мен принциптері нақты анықталып қолданылғанда жұмыстың деңгейі көтерілер еді деп санаймын.</p>
6.	Негізгі қорытындыларды	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген. Олар жұмыстың мақсат-міндеттеріне байланысты және логикалық тұрғыдан дұрыс</p>

	ң негізділігі	негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	көрінеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1-ші қағидат бойынша оқырманға эксплицитті және имплицитті жолмен әсер ете отырып, газет дискурсында қозғалатын әлеуметтік-саяси құбылыстарға бірнеше тіл тұрғысынан және авторлық тұрғыдан қарау деңгейі анықталған. Қағидат шамамен дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген</p> <p>2-ші қағидат дәлелденген. Диссертант ағылшын және қазақ тілді медиадискурсты талдау барысында авторлық тараптан персуазивті коммуникациясының өзіндік ерекшеліктерін анықтауға тырысқан. Қағидат тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>3-ші қағидат жоғары деңгейде дәлелденген. Медиа дискурсындағы персуазивті коммуникация әсерлері ағылшын және қазақ тілді авторлардың қолданған стратегиялары мен тактикаларынан көрінеді. Автор тарапынан бұрынғы бар стратегияларға ағылшын және қазақ тілді газет дискурсына ортақ үш жаңа стратегия ұсынылған: ұтымды формат стратегиясы, полилог стратегиясы және соңғы тұжырым стратегиясы. Қағидат тривиалды емес, авторлық жаңа, медиадискурстың келешегі зор болғандықтан қолдану деңгейі кең болады деген ойдамын. Аталмыш қағидат мақалада дәлелденген.</p> <p>4-ші қағидат дәлелденген. Ағылшын және қазақ тілдерінде шыққан газет материалдарындағы персуазивті стратегиялардың қолданылуын талдау негізінде интралингвистикалық (тақырыптық дизайн, цитаталық тәсіл, монолог, полилог), психоллингвистикалық (авторлық Мен, ақпарат баяндау тәсіл, ұтымды формат) және экстралингвистикалық (иллюстрация) сияқты ерекшеліктері анықталған. Қағидат тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең деп санаймын. Қағидат мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның кіріспесінде автор қолданатын әдістерін атап өткен. Диссертация тақырыбының ауқымдығы кең болғандықтан әдіс-тәсілдері негізделіп және олардың қолдану жолдары жазылып кетсе жұмыстың сапасы арта түсер еді.</p>

	ақпараттың дәйектілігі	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Ізденуші жұмысын дайындау барысында ақпаратты интернет платформаларда орналасқан өзінің тақырыбына келетін ғылыми еңбектерді оқыған, ол заманауи цифрлық кітапхана қоры ретінде ұсынылады да. Диссертант компьютерлік технологияларды қолдану арқылы керек жұмыстарын жинап, оларға аналитикалық шолу жасағанын байқауға болады және тақырыптың мақсаты мен міндеттеріне сай сілтемелер келтірілген.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Жұмыстың қорытындылары интроспекциялық және контент талдау, сонымен қатар салыстырмалы жолдарымен жеткен нәтижелері арқылы дәлелденген. Автор дискурс саласына жататын тақырыпты интерактивті, антропологиялық әдістерін қолданып зерттегенде одан да терең мазмұнды нәтижелерге қол жеткізер еді деп ойлаймын.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Жұмыста келтірілген мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған, әсіресе теория негіздерін түйіндейтін отандық, ресейлік және шет елдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері мен ауқымды тұжырымдары жұмыста орынды да логикалық дұрыс келтірілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Оның саны 120 бірліктен астам. Оған қоса дерек көздер келтірілген, жалпы саны 94.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар екені бірнеше рет жоғарыда айтылып кетті. Персуазивті коммуникацияның әсер ету әдіс-тәсілдерінің бірі сендіру-иландыру болып табылады. Бұл үдеріс психология, педагогика ғылымдарында кең қолданылады. Қарастырылып отырған диссертацияда бұл танымал технологиялар бұқаралық ақпарат құралдарына байланыста ұсынылып отыр.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның материалдары практикалық қолданыс таба алады, мысалы филолог мамандарды даярлау жүйесінде арнайы теориялық курстарында, немесе мақала жазу әдістерін оқытуда, БАҚ технологияларымен танысу сабақтарында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Практикалық ұсыныстар үш қосымша стратегияның түріне байланысты жаңа болғанымен аздау көрінеді, тақырыптың маңыздылығы

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	ұсыныстардың көлемін ұлғайтуды қажет етеді деп ойлаймын. Тілдік тактикалар мен қолданысы персуазивті коммуникацияның басты вербалды көрінісі, олардың түрлері өте көп және ғылыми тұрғыдан бақылауға қызықты сияқты.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның жазу стилі кейбір жерлерде ғылыми стильден көрі журналистік стильге жақындау (90, 109, 119, 120, 128 бб.). Жұмыстың бірінші-екінші бөлімдерінде автор көбінесе аударма жолын пайдаланған сияқты, сондықтан, менің ойымша, ғылыми стильден ауытқу байқалады.

Маеу Колибаевна Адырбековаға 6D021000 - Шетел филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді қолдаймын.

Ресми рецензент:

Айгүл Ермекқызы Бижкенова,  
филология ғылымдардың докторы, профессор,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің шетел филологиясы кафедрасының меңгерушісі




17.11.2021